

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТИ
ӘЛЕУМЕТТІК -ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТИ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 1 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

«25» 09.2023ж.

Қатысқандар: АК төрағасы: п.ғ.к., доцент м.а. А.Қ.Рысбекова, АК мүшесі, академиялық персонал С. Алимбекова, АК мүшесі, академиялық персонал П.Қ.Искакова, АК мүшесі, академиялық персонал п.ғ.к., доцент Ж.Н.Садуова, АК мүшесі, академиялық персонал PhD аға оқытушы Ж.Бураева, АК мүшесі, академиялық персонал аға оқытушы С.У.Паштанов, АК мүшесі, академиялық персонал магистр оқытушы Д.С.Жарқынбекова.

Қатыспағандар: - жоқ

Күн тәртібі:

1. АК жұмысын ұйымдастыру. Ережелермен танысу, атқаратын жұмыс барысын талдау
2. 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу

Тындалды:

1. АК жұмысын ұйымдастыру. Ережелермен танысу, атқаратын жұмыс барысын талдау.

АК төрағасы А.Рысбекова: Саламатсыздар ма, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде АК жұмысын ұйымдастыру. Ережелермен танысу, атқаратын жұмыс барысын талдау. Бүгінгі күні жоспарда жалпы академиялық комитет атқаратын жұмыстарды және ережелерді таныстырып, 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын құрып талқылайық. АК жұмысын ұйымдастыру бойынша осы оқу жылында ББ бағдарламасының ішкі аудитын ұйымдастырып қажет болған жағдайда мазмұнын жаңарту, Бірлескен ББ бағдарламасын әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру мәселесі сөз болды. АК- кадрларды даярлау бағыты бойынша БББ әзірлеп, Реестрде тілкелуін және колданыстағы ББ ішкі және сыртқы сараптаулар нәтижесінде жаңартуды қамтамасыз ету. Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша осы ББ сапасын үздіксіз жағарту және нарықта сұранысқа ие болу мақсатында жұмыс жасаймыз.

АК мүшесі, п.ғ.к., доцент м.а. Ф.Искакова: АК комитет мүшелері ББ бағдарламасын даярлауда маманға деген қажеттілікті айқындалып, соған байланысты жоғары оқу орындарында кадрларды даярлауда қазіргі заманның талаптарына сай, жұмыс берушілердің сұраныстарын ескере жанашыл көзқараспен үнемі жақсы нәтижелерге жеткізуге мүмкіндік іздеу керек.

АК мүшесі, п.ғ.к., аға оқытушы С.Алимбекова: Бірінші мәселе бойынша, АК жұмысы ұйымдастырылып «Педагогика және психология даярлау» бағыты бойынша Түркістан облысы білім басқармасының «Түркістан Ахмет Ясауи кәсіби колледжі» колледжі директоры А.Кенжалиевпен және М.Әбенова атындағы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Т.М.Мендібаевамен және "№23 жалпы орта мектеп" директоры Ж.Азретбергеновамен кездесіп кадр даярлау нарығындағы талдау жұмыстары жүргізілді.

2.2023-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу. АК мүшесі, п.ғ.к., доцент Ж.Садуова: Күн тәртібіндегі екінші мәселе 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу бойынша Ак жұмыс тобы құрылды, осы бойынша ұсыныс берілді. 6B011;7M011, 8D011 – Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша АК жұмыс және мәжіліс жоспары бекітілді. Ережелер таныстырылды. АК жұмыс және мәжіліс жоспарына бүгінгі өзекті болып жатқан оқу үдерісіне атқарылған іс шаралар толығымен енгізілді.

PhD аға оқытушы Ж.Бурева: Қазақстандық жоғары білім беру жүйесінде білім беру сапасының жақсаруына, күзінетті, бәсекеге қабілетті, жаңашылдыққа бейім, өзгермелі еңбек нарығы жағдайына бейімделетін маман даярлауға байланысты білім беру бағдарламаларын жобалауға көзқарастар өзгеруде. Жаңа жағдайлар білім берудің қоғамдағы рөлін ғана емес, оның мақсаттарын, міндеттері мен мазмұнын үнемі жаңартып отыру қажеттілігін талап етеді. АК жоспары ББ даярлаудағы жасалатын жұмыстар толығымен қамтылған.

АК төрағасы А.Рысбекова: Құрметті АК мүшелері ББ даярлау бағыты бойынша іс-шаралар өте ауқымды. Жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады. Жұмыс берушілердің ұсынымдарын ескере отырып, кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламасын жаңарту, түлектердің тәжірибеге бағдарлануын арттыру және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мақсатында ББ сараптамасын жүргізу өз нәтижесін береді.

Шешім: «Педагогика және психология даярлау» бағыты бойынша АК жұмысын ұйымдастыру. Ережелермен танысу мәлімет үшін назарға алынсын. 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын.

АК төрайымы:

Хатшысы:



А.Рысбекова

С.Паштанов